

Қаракемер мектеп-балабақшасының 2023-2024 оқу жылында 5-сыныпта жүргізілген тәрбие жұмысының жылдық талдауы

2023 жылдың қыркүйек айында 5-сыныпқа барлығы 7 оқушы, соның ішінде 3 ер бала, 4 қыз бала қабылданды. **Көп балалы отбасылар:** 2 (Ернарұлы Мират, Аққұс Нұрдәулет), **толық емес отбасылар:** 2 (Атыраубаева Айкөркем, Серікқали Жанерке).

Жаңа оқу жыл басында барлық оқушылардың құжаттары тексеріліп, толықтырулар енгізілді.

Тәрбие бағыты бойынша 2023-2024 оқу жылының тәрбие сағаттарының жоспары бекітілді. 5-сынып бойынша жыл басынан бері көптеген тәрбие сағаттары, сыныптан тыс жұмыстар өткізілді. Соның ішінде, қыркүйек айының басынан мектепшілік бакылау негізінде сынып белсенділерін сайлады. «**Мектебім – мейірім мекені!**» атты ашық тәрбие сағаты өткізілді. Қазан айы бойынша «Қарттарым аман-сау жүрсін», «Ұстаз - ұлы тұлға» атты ардагер ұстазбен кездесу кеші, «25 қазан – Республика күні» атты тәрбие сағаттары, «Мәңгі жаса, қыран елім Қазақстаным!» эссе байқауы ұйымдастырылды.



Қараша айында «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі», «Мейірімділік жүректе», «Адалдық - адамдықтың белгісі» атты тәрбие сағаттары өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Желтоқсан айында «Тәуелсіздік – тұғырым!», «Өрт қауіпсіздігі» атты тәрбие сағаттары өткізілді.



Қаңтар айы бойынша «Жол тәртібін жадында ұста!» атты тәрбие сағаты, «Жемқорлық індет, жою міндет» атты жемқорлық дегеніміз не, оны жою жолында қандай іс-әрекеттерден бастау керек, тағы да басқа сұрақтарға жауап алыну мақсатында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Ақпан айында «Тәрбиелі ұрпақ-болашақ жалғасы» атты тәрбие сағаты өткізілді. Наурыз айында да оқушылар өз белсенділіктерін танытып, «Сыйынар ем , ана деген тәңірге» атты аналар мерекесінде өз бейнеқұттықтауларын жолдап, ізге тілектерін білдірді, «Алғыста шек болмайды», «Амал мерекесі» атты ашық тәрбие сағаттары өткізілді.



Сәуір, мамыр айларында «Бейбітшілік жасасын», «Ұлы жеңіс -жасасын!» атты тәрбие сағаттары, дөңгелек үстел өткізілді. Оқушылар белсенділіктерін танытып, жаңа ақпараттармен таныс болды.



Оқушылар сыныптан тыс шараларда да белсенділіктерін көрсетеді, атап айтатын болсам, сынып жетекшілер апталығы аясында **«Қазақтың ұлттық тілі, діні, ділі» атты ашық тәрбие сағаты**, сонымен бірге мектепшілік «Алтын күз – 2023», «Жайдарман» ойындарына, сурет байқауларына белсене қатысып, жүлделі орындарды жеңіп алды.



Тек бұл ғана емес, білім жағынан да өздерінің бақтарын сынап, аудандық «Алтын сақа» математикалық олимпиадада Ернарұлы Мират III орын, «Зерде» ғылыми жобасында Атыраубаева Айкөркем III орын, Мақтау қағаздарын қоржындады. Оқудан тыс бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында оқушылар үйірмелерге

белсене қатысады. Соның нәтижесінде спорт жағынан да аудандық деңгейде Еркін Нұрбол күрестен жұлделі I орын иеленді.

«Волейбол» үйірмесі	«Күрес»	«Әдебиет әлемі»	«Әдемі-ай» би үйірмесі
7	2	7	3

Тәрбие бағыты бойынша өткізілген тәрбие сағаттары:

Тәрбие бағыттары	Өтілген тәрбие сағаттарының саны
ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ	15
АР-ҰЯТ	13
ТАЛАП	6

Жоспарланған тәрбие сағаттарының барлығы жоспарға сай уақытылы өткізілді.

Ата-аналармен жұмыс.

2023-2024 оқу жылында мектебімізде ата-аналарды білім беру ұйымдарында педагогикалық қолдау орталығы ашылды.

Жыл басында ата-аналармен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, ата-аналар отырысының хаттамалары жасалды. Жыл басынан бері бес рет ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналар да өз белсенділіктерін танытып, қалмай қатысып келеді, балаларының білім сапасымен, тәрбиелік ерекшеліктерімен таныс.



Сынып жетекшісі:

Жеңісова А.Е.